

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Рухани жаңғыру
— халқымыздың
салт-санасы мен
дүниетанымын өзгертертін
қозғауышы күш. Ұлттық
құндылықтарымызды
ұмытпай, жаһандық
жаңашылдыққа
жетелейтін жол.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев-
тың «Болашаққа бағдар:
рухани жаңғыру» ма-
каласын ықыласпен
түсіне оқуымыз
керек. Олай дейтінім,
мақаладағы «Ұлттық салт-
дәстүрлеріміз, тіліміз бен
әдебиетіміз, музыкамыз,
жоралғыларымыз, бір
сөзben айтқанда, ұлттық
рухымыз бойымызда
мәңгі қалуға тиіс» деген
жөлдардың астарында
үлкен магына жатыр.

Шынында рухы биқ
азаматтары бар елдің іргесі
мәнгілік болары хақ.

Біз – ұлан-тайыр жері
мен аса бай рухани
тариҳы бар елміз. Біз
жаңғыру жолында
бабалардан мирас болып,
қанымызға сіңген, бүгінде
тамырымызда бүлкілдеп
жатқан ізгі қасиеттерді
қайта түлетуіміз керек.

Қазіргі міндегі –
халқымыздың жана
болмысын қалыптастыру,
тұтас ұлт сапасын арттыру.
Адамды және қоғамды
уақыт талабына сай
жетілдіру қажеттігін өмірдің
өзі көрсетіп отыр. Жаңаған
ұлт қана жаңғырған елдің
жетістігін жаһан жұртына
таныта алады. Ұлттымыз
жана сапаға көшүі ушін
біздің күнделікті өмірлік

үстаннымдарымыз да
өзгеруі керек. Қазақ
қоғамында жаңа қағидаттар
және жаңа бағдарлар
салтанат құруға тиіс.

Ұлт ұстазы Ахмет
Байтұрсынулы: «Білімді
булуға оқу керек. Бай
булуға кәсіп керек. Құшті
булуға бірлік керек.
Осы керектердің жолын-
да жұмыс істеу керек», -
деді.

Бұл көзқарас бүтінгі
күні өте маңызды. XXI
ғасырдың ұрпағы терең
білімді болғаны жән.
Жас буынды ерінбей
еңбек етуге бейімдеу,
темірдей тәртіп және
жоғары жауапкершілікке,
адалдықа, үқыптылыққа
тәрбиелеу керек. Біз сонда
ғана бәсекеге қабілетті
мемелекті зияткер ұлт бола
аламыз.

Баршамыз өз-өзімізді
дамытуға күш салумыз
қажет. Заман сынағы бізден
үздіксіз қозғалысты, мықты
күш-жігерді және табанды
еңбекті талап етіп отыр.

**А.НУРИДИНОВА,
Ұ.ТӘЖІБАЕВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ, «Стандарттау
және сертификаттау»
кафедрасының
окытушылары.**